

2010-2012 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 126 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 29 желтоқсанда N 10-3-147 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 19 қаңтардағы N 204 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2011.01.19 N 204 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы "Бюджет Кодексіне", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 192 шешіміне және Қызылорда облысы әкімдігінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы "2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 192 шешімін іске асыру туралы" N 589 қаулысына сәйкес Арал аудандық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. 2010-2012 жылдарға арналған аудан бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2010 жылға арналған аудан бюджеті мынадай көлемде б е к і т і л с і н :

- 1) Кірістер - 6 725 618 мың теңге, оның ішінде:
 - Салықтық түсімдер - 541 452 мың теңге;
 - Салықтық емес түсімдер - 1 064 мың теңге;
 - Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер - 1 940 мың теңге;
 - Трансферттер түсімдері - 6 085 553 мың теңге, оның ішінде аудан бюджетіне берілетін субвенцияның көлемі 3 286 022 мың теңге.
- 2) Шығындар - 6 909 954 мың теңге;
- 3) Операциялық сальдо - 0;
- 4) Таза бюджеттік кредит беру - 72 949;
 - Бюджеттік кредиттер - 74 626;
 - Бюджеттік кредиттерді өтеу - 0;
- 5) Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - -257 285;
 - Қаржы активтерін сатып алу - -258 962;
 - Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - -258 962;

6) Бюджет тапшылығы (профициті) - 257 285;

7) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 0;

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 138 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.03.05 N 143 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.09 N 153 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.04.23 N 159 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.07.28 N 171 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.09.07 N 176 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.10.27 N 185 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 2010.12.01 N 192 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Аудан бюджетінен облыстық бюджетке кірістерді бөлу нормативі төмендегіше болып белгіленсін:
әлеуметтік салық аудан бюджетіне – 90 пайыз, облыстық бюджетке - 10 п а й ы з .

3. Жергілікті бюджеттердің орындалуы барысында білім беру саласы шығындары секвестрлеуге жатпайтыны ескерілсін.

4. Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге берілетін бір жолғы ақшалай төлемдер 4 500 теңге к ө л е м і н д е белгіленсін.

5. Аудан бюджетінен 1999 жылғы 26 шілдесіне дейін "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, "Халық қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдауға айлық есептік көрсеткіштің 2,0 көлемінде белгіленсін.

6. 2010 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен барлығы 208 183,0 мың теңге, оның ішінде Шөміш елді мекеніндегі бастауыш мектебінің негізгі мектепке ауысуына байланысты ұстап тұру шығындарына 22 456,0 мың теңге, жаңадан іске қосылатын мектепке дейінгі білім беру объектілерін ұстауға 26 675,0 мың теңге, мектеп алды даярлықпен балаларды қамтуды көбейту мақсатында мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысын орналастыруға 5 115,0 мың теңге, мектеп жасындағы балаларды мектеп жасына дейінгі тәрбиемен қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беретін мектептер жанынан ашылған шағын орталықтарды ұстауға 20 396,0 мың теңге, жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға 24 127,0 мың теңге, жергілікті атқарушы органдарына штаттан тыс қызметкерлерді ұстау шығындарына 1 260,0 мың теңге, өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі және ағымды жөндеуге 108 154,0 мың теңге, сондай-ақ нысаналы даму трансферттері есебінен білім беру

объектілерін салуға және реконструкциялауға 1 569 454,0 мың теңге қаралғаны ескерілсін.

6-1. 2010 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджет қаржысы есебінен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғаны ескерілсін:

жаңадан іске қосылған Арал қаласындағы N 262 мектеп гимназиясын күтіп ұстауға - 175 882,0 мың теңге;

негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдығымен жарақтандыруға - 12 291,0 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингофондық және мультимедиялық кабинеттер құруға - 22 164,0 мың теңге;

ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің өсуіне байланысты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке 11 270,0 мың теңге және 18 жасқа дейінгі балаларға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы төлеуге - 31 877,0 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай бір жолғы материалдық көмек төлеуге - 14 527,0 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай жол жүруін қамтамасыз етуге - 2837,0 мың теңге; өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау

стратегиясын іске асыру шеңберінде әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын кеңейтуге - 66 000,0 мың теңге;

эпизотияға қарсы іс шаралар жүргізуге - 42 000,0 мың теңге;

ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға - 10 530,0 мың теңге;

өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға - 34 134,0 мың теңге;

өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде аудандық маңыздағы Қамыстыбас елді мекеніне кіре беріс 0-2 км жолын орташа жөндеуге - 21 471,0 мың теңге және Қызылжар елді мекеніне кіре беріс 0-9 км автомобиль жолын орташа жөндеуге - 82 774,0 мың теңге;

ветеринария саласындағы жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелерін ұстауға - 31 416,0 мың теңге.

Ескерту. Шешім 6-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 138 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6-2. 2010 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджет қаржысы есебінен төмендегі көлемде нысаналы даму трансферттері қаралғаны ескерілсін:
мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға - 11 868,0 мың теңге;
инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға - 50 000,0 мың теңге;
"Самара-Шымкент-Сексеуіл" автомобиль жолын қайта жаңғыртуға - 105 730,0 мың теңге.

Ескерту. Шешім 6-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 138 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6-3. Аудан бюджетіне республикалық бюджет қаржысы есебінен ауылдық елді мекендердің әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін бюджеттік кредиттер беруге - 74 626,0 мың теңге бөлінгендігі ескерілсін.

Ескерту. Шешім 6-3-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 138 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6-4. 2010 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық бюджеттен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне біржолғы материалдық көмек төлеуге 322,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт бөлінгені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 6-4-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010.03.05 N 143 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6-5. 2010 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттен төмендегі көлемде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

Жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға - 1730,0 мың теңге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65-жылдығына байланысты Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, қаза тапқан жауынгерлердің қайтадан некеге тұрмаған жесірлеріне және концлагердің кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына банктік қызмет шығындарын қоса есептегенде біржолғы материалдық көмек көрсетуге 2515,0 мың теңге;

21 ауылдық округтерді абаттандыруға - 21000,0 мың теңге.

Ескерту. Шешім 6-5-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010.03.05 N 143 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6-6. 2010 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттен төмендегі көлемде нысаналы даму трансферттері бөлінгені ескерілсін:

Сумен жабдықтау жүйесін дамытуға - Жақсықылыш елді мекенінің сумен камту жүйелерін қайта жаңғырту және кеңейту жобасының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өткізуге - 26501,0 мың теңге;

Арал қаласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы көпсалалы коммуналдық кәсіпорнының жарғылық қорын ұлғайтуға - 10920,0 мың теңге.

Ескерту. Шешім 6-6-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010.03.05 N 143 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6-7. 2010 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттен 39803,0 мың теңге көлемінде төмендегі ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысы жылдары қаза болған жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне, Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарындағы концлагердің бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындарына, Ұлы Отан соғысы жылдары тылдағы қажырлы еңбегімен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен, медальдарымен марапатталғандарға автокөлікте жеңілдікпен жүруді қамтамасыз етуге материалдық көмек көрсетуге 1720,0 мың теңге;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғаларды сауықтыруға, сонымен қатар, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза болған жауынгерлердің қайта некеге тұрмаған жесірлеріне, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы концлагердің бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындарына жеңіс күні қарсаңында тұрғын үйлерін жөндеуге, мерекелік азық-түлік жиынтығын табыс етуге, мерекелік киіммен қамтамасыз етуге біржолғы материалдық көмек көрсетуге 4 6 7 8 , 0 мың теңге ;

Ұлы Отан соғысы жылдары 6 айдан кем емес еңбек еткен тыл еңбеккерлеріне коммуналдық төлемдерін өтеуге 25 823,0 мың теңге.

Жақсықылыш кентінің бас жоспарын әзірлеуге 7 582,0 мың теңге.

Ескерту. Шешім 6-7-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010.04.09 N 153 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6-8. 2010 жылға арналған аудан бюджетіне облыстық бюджеттен 141 507,0 мың теңге көлемінде төмендегі нысаналы даму трансферттері бөлінгені ескерілсін:

"Шижаға елді мекенінің су желісін қайта жаңғырту және кеңейту" жобасының мемлекеттік сараптама қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 8 214,0 мың теңге;

"Жалаңаш елді мекенінің су жүйесін қайта жаңғырту мен кеңейту" жобасының мемлекеттік сараптама қорытындысымен жобалау сметалық құжаттарын әзірлеуге 5 139,0 мың теңге;

"Аманөткел елді мекенінің су жүйесін қайта жаңғырту мен кеңейту" жобасының мемлекеттік сараптама қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 4 995,0 мың теңге;

"Ақбай елді мекенінің су жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту" жобасының мемлекеттік сараптама қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 9 656,0 мың теңге;

"Бөген елді мекенінің су жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту" жобасының мемлекеттік сараптама қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 5 629,0 мың теңге;

"Аралқұм елді мекенінің су жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту" жобасының мемлекеттік сараптама қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 7 619,0 мың теңге;

"Сапақ елді мекенінің су жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту" жобасының мемлекеттік сараптама қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 5 215,0 мың теңге;

"Қосжар елді мекенінің су жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту" жобасының мемлекеттік сараптама қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 6 587,0 мың теңге;

"Қамыстыбас елді мекенінің су жүйесін қайта жаңғырту және кеңейту" жобасының мемлекеттік сараптама қорытындысымен жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеуге 8 453,0 мың теңге.

Төмендегі мектептердің құрылысын аяқтауға:

Ақбай елді мекеніндегі 200 орындық мектепке - 20 000,0 мың теңге;

Қосжар елді мекеніндегі 100 орындық N 67 мектепке- 30 000,0 мың теңге;

Сазды елді мекеніндегі 140 орындық N 60 мектепке - 30 000,0 мың теңге.

Ескерту. Шешім 6-8-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010.04.09 N 153 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6-9. "2010-2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 наурыздағы N 259-IV Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы N 150, 2010 жылғы 31 наурыздағы N 250 қаулыларына сәйкес облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 12 сәуірдегі XXVII сессиясының N 214 шешімімен аудандық бюджетке 61 249,0 мың теңге көлемінде ағымдағы нысаналы трансферттер қаралғандығы ескерілсін.

Ескерту. Шешім 6-9-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010.04.23 N 159 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7. 2010 жылға арналған аудан бюджетінен бір жолғы талон жинау қызметі өкілеттігін облысқа беруге байланысты 8 050,0 мың теңге және жергілікті атқарушы органдардың штаттарының қысқаруына байланысты 4 112,0 мың теңге трансферттерді облыстық бюджетке қайтару ескерілсін.

7-1. 2010 жылға арналған аудан бюджетінде жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде көзделген әлеуметтік салық пен жеке табыс салығының салық салынатын базасының өзгеруін ескере отырып бюджет саласындағы еңбек ақы қорының өзгеруіне байланысты жалпы сомасы - 297 691,0 мың теңге облыстық бюджетке қайтару көзделсін.

Ескерту. Шешім 7-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2009.12.30 N 138 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

7-2. 2009 жылы республикалық бюджеттен бөлінген трансферттерден игерілмеген 67218,0 мың теңге, облыстық бюджеттен бөлінген трансферттерден игерілмеген 2418,0 мың теңге, барлығы 69636,0 мың теңге игерілмеген трансферттерді облыстық бюджетке қайтару көзделсін.

"Ветеринария" бөлімінің жұмыс органын құруға және оның толыққанды жұмыс жасауы үшін тиісті қаржы қаралғаны ескерілсін.

Ескерту. Шешім 7-2-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010.03.05 N 143 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Ауданның жергілікті атқарушы органның резерві 10 889,0 мың теңге көлемінде бекітілсін.

9. Күрделі құрылыс, сумен жабдықтау жүйесін дамытуға, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жұмыстарына және күрделі жөндеуге бөлінген қаржылардың елді мекендер, нысандар (объектілер) бойынша бөлінісі аудан әкімдігінің қаулысы негізінде анықталады.

10. Арал қаласының, кент, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламалары бойынша 2010-2012 жылдарға арналған шығыс көлемдері 4, 5 және 6 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

11. Инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған 2010-2012 жылға арналған аудан бюджетінің даму бағдарламаларының тізбесі 7 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

12. Облыс бюджетінен аудан бюджетіне бөлінген ағымдағы нысаналы және нысаналы даму трансферттерінің нысандар (объектілер) бойынша бөлінісі аудан

әкімдігінің қаулысы негізінде анықталатындығы ескерілсін.

13. Осы шешім 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
кезекті жиыrmасыншы
сессиясының төрағасы,
Ә. Әуезов

мәслихат хатшысы
Арал ауданы мәслихатының
2009 жылғы 23 желтоқсандағы
кезекті жиыrmасыншы сессиясының
N 126 шешімімен бекітілген

1-қосымша

2010 жылға арналған аудан бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010.12.01 N 192 (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

мың теңге

Санаты				2010 ж. сомасы
	Сыныбы			
	Ішкі сыныбы			
			Атауы	
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	6725618
1			Салықтық түсімдер	735306
	01		Табыс салығы	192602
		2	Жеке табыс салығы	192602
	03		Әлеуметтік салық	186028
		1	Әлеуметтік салық	186028
	04		Меншікке салынатын салықтар	336517
		1	Мүлікке салынатын салықтар	300541
		3	Жер салығы	6636
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	29026
		5	Бірыңғай жер салығы	314
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	15809
		2	Акциздер	3830
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	4724
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5855
		5	Ойын бизнесіне салық	1400

	08		Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4350
		1	Мемлекеттік баж	4350
2			салықтық емес түсімдер	1664
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	664
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	664
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1000
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1000
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8440
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	8440
		1	Жерді сату	3940
		2	Материалдық емес активтерді сату	4500
4			Трансферттердің түсімдері	5980208
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5980208
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5980208
Функционалдық топ				сомасы
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2.Шығындар	6909954
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	361132
			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	329317
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	19323
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18673
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	650
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	104618
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	60541
		003	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу	28000
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	16077
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	205376
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	202396
		023	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	2980
			Қаржылық қызмет	15005
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	15005

	001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14655
	019	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	350
		Жоспарлау және статистикалық қызмет	16810
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	16810
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16660
	005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	150
02		Қорғаныс	3405
		Әскери мұқтаждар	2802
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2802
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2802
		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	603
122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	603
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	603
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1404
		Құқық қорғау қызметі	1404
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1404
	021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1404
04		Білім беру	4881786
		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	303091
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	303091
	009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	303091
		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2842202
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	615
	005	Ауылдық (селолық) жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	615
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2841587
	003	Жалпы білім беру	2785049
	006	Балаларға қосымша білім беру	56538
		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	1736493
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	145538
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17821

		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	19239
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	585
		011	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	107893
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	1590955
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1590955
05			Денсаулық сақтау	861
			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	861
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	861
		002	Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	861
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	436213
			Әлеуметтік көмек	403873
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	403873
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	90090
		003	Қайтыс болған Совет Одағының батырларын, "Халық қаһармандарын", Социалистік Еңбек ерлерін, Даңқ Орденінің үш дәрежесімен және "Отан" орденімен марапатталған соғыс ардагерлері мен мүгедектерін жерлеу рәсімдері бойынша қызмет көрсету	18
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	8424
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	23713
		006	Тұрғын үй көмегі	40700
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	32853
		009	1999 жылдың 26 шілдесінде "Отан", "Даңқ" ордендерімен марапатталған, "Халық қаһарманы" атағын және республиканың құрметті атақтарын алған азаматтарды әлеуметтік қолдау	310
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	2293
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	21044
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	145777
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	14704

	019	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруін, сондай-ақ оларға және олармен бірге жүретін адамдарға Мәскеу, Астана қалаларында мерекелік іс шараларға қатысуы үшін тамақтануына, тұруына жол жүруіне арналған шығыстарды төлеуді қамтамасыз ету	1933
	020	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, сондай-ақ оларға теңестірілген, оның ішіндегі майдандағы армия құрамына кірмеген, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 3 қыркүйек аралығындағы кезеңде әскери бөлімшелерде, мекемелерде, әскери-оку орындарында әскери қызметтен өткен, запасқа босатылған (отставка), "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін" медалімен немесе "Жапонияны жеңгені үшін" медалімен марапатталған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда кемінде алты ай жұмыс істеген (қызметте болған) адамдарға біржолғы материалдық көмек төлеу	22014
		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	32340
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	32340
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29622
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2168
	022	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	550
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	209807
		Тұрғын үй шаруашылығы	67635
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	200
	007	Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	200
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1700
	004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	1700
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	65735
	003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	15735
	004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	50000
		Коммуналдық шаруашылық	16653
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	11653

	012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	11653
467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	5000
	005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	5000
		Елді-мекендерді көркейту	125519
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	63965
	008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	11716
	009	Елді-мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	9157
	011	Елді-мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	43092
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	61554
	018	Елді-мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	61554
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	185875
		Мәдениет саласындағы қызмет	82738
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	82738
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	82738
		Спорт	14701
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	14701
	005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	9142
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	5559
		Ақпараттық кеңістік	61863
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	57812
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	56850
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	962
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	4051
	002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4051
		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	26573
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	8637
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8637
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	10816
	001	Жергілікті деңгейде аппарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8734
	003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	1252
	007	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	830

	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	7120
		001	Жергілікті деңгейде денешынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7120
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	206519
			Ауыл шаруашылығы	27029
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	17506
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9074
		099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	8432
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	435
		010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	435
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	9088
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4982
		004	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	2280
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	1620
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	206
			Су шаруашылығы	94008
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	94008
		012	Су шаруашылығының объектілерін дамыту	94008
			Жер қатынастары	7985
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	7985
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7835
		008	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	150
			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау мен жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	77497
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	34134
		019	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	34134
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	43363
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	43363
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	25242
			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	25242
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	7037

		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6887
		018	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	150
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	18205
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6838
		003	Ауданның қала құрылысы даму аумағын және елді мекендердің бас жоспарлары схемаларын әзірлеу	11217
		005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	150
12			Көлік және коммуникация	250891
			Автомобиль көлігі	157070
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	157070
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	157070
			Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	51340
			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	93821
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	93821
		008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, қала және елді-мекендер көшелерін жөндеу және ұстау	93821
13			Басқалар	59319
			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	7116
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	7116
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік және өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6736
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	230
		005	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	150
			Басқалар	52203
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	45809
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	10889
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	34920
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	6394
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6094
		014	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	300
15			Трансферттер	287500
			Трансферттер	287500
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	287500

		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	69636
		020	Бюджет саласындағы еңбекақы төлеу қорының өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	205702
		024	Мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейлерінен жоғарғы деңгейлерге беруге байланысты жоғары тұрған бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	12162
			3.Таза бюджеттік кредит беру	72949
			Бюджеттік кредиттер	74626
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	74626
			Ауыл шаруашылығы	74626
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	74626
		008	Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер	74626
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	1677
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	1677
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1677
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-257285
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	257285
7			Қарыздар түсімі	74626
			Мемлекеттік ішкі қарыздар	74626
		03	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар	74626
16			Қарыздарды өтеу	
			Қарыздарды өтеу	1677
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1677
		008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1677
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	184336
			Бюджет қаражаты қалдықтары	184336
	1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	184336
		01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	184336
	2		Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0
		01	Есепті кезең соңындағы бюджет қаражатының қалдықтары	0

Арал
2009

а у д а н ы
ж ы л ғ ы
к е з е к т і

23
ж и ы р м а с ы н ш ы

м ә с л и х а т ы н ы ң
ж е л т о қ с а н д а ғ ы
с е с с и я с ы н ы ң

2-қосымша

2011 жылға арналған аудан бюджеті

мың теңге

Санаты				2011 ж. сомасы
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	3998231
